

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 13 маусымдағы № 169 "2012-2013 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 19 наурыздағы № 68 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 4 сәуірде № 2592 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 13 маусымдағы № 169 "2012-2013 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2080-нөмірмен тіркелген, 2012 жылғы 29 маусымда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 5-қосымшасында:

"ЖШС "Ізденіс" көп салалы колледжі" деген сөздер "Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының "Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Ә.Қаныбековке жүктелсін.

Облыс әкімі

А.Мырзахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК